Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 20 маусымда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №5546 болып енгізілген

**Ақтөбе қаласы** **№160** **2017 жылғы 30 мамыр**

**Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №236 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары туралы» және 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №337 «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы» шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Орман Кодексі» Кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 495-бабының 9-тармағына және 506-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 карашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №236 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары туралы» шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3326 тіркелген, 2010 жылғы 9 ақпанда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі шешімнің тақырыбында, бүкіл мәтіні бойынша және қосымшаларында «ставкалары», «ставкаларының» сөздері «мөлшерлемелері»,

«мөлшерлемелерінің» сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2) облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №337 «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы» шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3349 тіркелген, 2011 жылғы 6 қаңтарда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған):

қазақ тіліндегі шешімнің тақырыбында, бүкіл мәтіні бойынша және қосымшасында «ставкаларын», «ставкалары», «ставка» сөздері «мөлшерлемелерін», «мөлшерлемелері», «мөлшерлеме» сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы,**
**облыстық мәслихаттың**
**хатшысы** **С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**